


2

«Алтын орданың»
ас тұзы шет елде де
қолжетімді



4

Нартайдың
сырнаы
табылды



Сыр бойы

28 мамыр, сейсенбі 2024 жыл

№81 (20755)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



АСХАТ ХАСЕНОВТИ ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасының міндетін атқарушы Асхат Хасеновті қабылдады.

Президентке компанияның биылғы бірінші тоқсанда атқарған операциялық және қаржылық қызметінің нәтижелері туралы есеп берілді. Сондай-ақ «ҚазМұнайГаздың» көптеген негізгі көрсеткіштер бойынша былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда өсімге қол жеткізгені жөнінде баяндалды.

Асхат Хасенов ірі инвестициялық жобалардың, соның ішінде Жаңаөзенде гибриді электр станциясын және Атырау облысында қуаты 1,25 миллион тонна болатын полистилен өндіру зауытын салу, мұнай-химия кластерін дамыту, Каспий теңізіндегі Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов кен орындарын игеру барысы жайында айтты.

Сонымен қатар компанияның 2023 жылы іске қосылған газ кен орындары, қорларды толтыру және мұнай өндіру деңгейін сақтау мақсатында жүргізіліп жатқан геологиялық барлау жұмыстары туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, «ҚазМұнайГаз» Қызылорда облысындағы Торғай палеозой учаскесінде терендігі 5500 метр ұңғыма және Каспий теңізіндегі Абай учаскесінде бұрғылау жұмыстарын жүргізуді көздейді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылуы және компанияның су тасқынына қарсы іс-шараларға қатысты атқарған жұмыстары туралы айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев геологиялық барлау, мұнай-газ химиясы салаларындағы жобаларға ірі инвесторларды тарту жөнінде бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ отандық мұнай өңдеу зауыттарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету қажет екеніне ерекше назар аударды.

/// ӨРКЕН

ҚЫЗЫЛОРДАДА 150 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Тасбөгет кентінде бой көтерген екі көпқабатты үйден 150 отбасына пәтер кілті табысталды.

Аймақ басшысы қоныстой иелерін құттықтап, игі тілегін арнады.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы отырысында «Баспана — жұрттың тұрмыс сапасын танытатын тағы бір маңызды көрсеткіш» деп ерекше тоқталған болатын. Президентіміз халықты тұрғын үймен қамтуға айрықша мән беріп, мемлекет шын мұқтажға жәрдем жасайтынын үнемі айтып келеді.

Осындай қолдаудың арқасында кейінгі жылдары еліміздегі тұрғын үй құрылысының қарқыны толастаған емес. Өткен жылы аймақта 4108 пәтерлік 300 тұрғын үй салынды, 2400-ге жуық пәтер

табысталып, 11 мыңнан астам тұрғын өз үйіне қоныстанды.

Халықтың жайлы өмір сүруінің басты алғышарты — баспанамен қамту жұмыстары биыл да жалғасуда. Бюджет қаражаты есебінен 13,3 млрд теңгеге 1269 пәтерлік 67 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіледі. Оның ішінде 950-дей пәтер облыс орталығына тиесілі. Жыл басынан бері 462 отбасы қоныс тойын тойлады. Бүгін 150 отбасы баспана бақытына кенеліп, жаңа тұрғын үйлердегі әр пәтер қуаныш пен шаттыққа, балалардың күлкісіне толады. Бұл — әлеуметтік

әл-ауқатын арттырудағы мемлекеттік қолдаудың нақты көрінісі, — деді аймақ басшысы.

Рәсімде Индира Кенжетасева қоныстой иелері атынан қуанышын жеткізіп, мемлекет және қоғам қайраткері Нағмадин Мұсабаев ақ батасын берді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан кент тұрғындары мен құрылысты сапалы салуға атсалысқан мердігер мекеме қызметкерлері марапатталды.

Айта кетейік, «Аман құрылыс», «Интергострой», «АЭС and limited» компаниялары салған көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысы өткен жылы тамыз айында басталған еді. Жаңа пәтерлер әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға табысталды.

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ВОЛОНТЕРЛІК
БАСТАМАЛАРҒА
70 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ

Бұл туралы Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Еліміздің барлық өңірінде Біргеміз жалпыұлттық жобасы аясында волонтерлік бастамаларды жүзеге асыратын шағын гранттар конкурсына өтінімдерді қабылдау жалғасып жатыр. Конкурста құжаттарды Біргеміз жобаларын жүзеге асыратын 8 үкіметтік емес ұйым қабылдауда. Мемлекеттік гранттарды отандық еріктілер, сондай-ақ бастамашыл топтар мен үкіметтік емес ұйымдар ала алады. Биылғы конкурста әрқайсысы 300 мың теңгені құрайтын 240 шағын грант беріледі. Өтінімдерді қабылдау 31 мамырға дейін ұзартылған.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚЫРАҒЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

Ата-аналар балалардың қауіпсіздігіне ерекше жауапкершілікпен қарауы тиіс. Осы ретте Оқу-ағарту министрлігі ата-аналарға үндеу жасады.

Жазғы демалыс басталды. Жаз мезгілі балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударуды қажет етеді. Өткен жазда жазатайым оқиғалар көп болған. Сондықтан ведомство үндеуінде, балаларға жол қауіпсіздігі, бейтаныс адамдармен өзін-өзі ұстау ережелерін және су қоймаларына жалғыз баруға болмайтынын түсіндіру керек. Сондай-ақ көпқабатты үйлердің терезелеріне қорғаныс құралдарын орнату қажет. Мұндай жауапкершілікті маңыздылығы жөнінде министрліктің балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Жолдас Батырхан мәлімдеді.

КӨРМЕ СӘНІ — ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫ

Елордада Қазақстан кинологтар одағының ұйымдастыруымен халықаралық иттер көрмесі өтті. Бұл туралы 24KZ хабарлады.

Елдің түкпір-түкпірінен 100-ге тарта қазақ тазысы мен жеті қазынаны баптаушылар жиналды. Тазы тұқымын әлемдік деңгейде танытуға бағытталған шарада ең жас қатысушы 11 жасар Әділжан Жеміс болды. Оның «Шағала» атты күшігі сарапшыларға бірден ұнаған. Оған тазы баптауды әкесі үйреткен.

Бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тазы мен төбет тұқымдарын қорғау мәселесін қолға алуды тапсырған болатын. Халықаралық кинология федерациясының атқарушы директоры Ив де Клерктың айтуынша, тазы тұқымын зерттеу үшін федерацияның бас комитетінен арнайы 2 адам тағайындалған.

Тазының көру, сезу, есту қабілеті жақсы дамыған. Аңшылық қабілеті, амал-айласы басқа иттерге қарағанда көш ілгері. Сондықтан олар ерекше күтімді талап етеді. Ендігі кезекте көрме нәтижесі бойынша комиссия сараптама жасап, тазы тұқымын ұлттық бренд ретінде бекіту және халықаралық деңгейде таныту мәселесі қаралады. Қорытынды отырыс қыркүйек айында Амстердам қаласында өтеді.

Ақпарат көздерінен

БАЙҚОҢЫР: БАСПАНА, БАСТАМА, БАҒЫТ

Байқоңыр қаласындағы көші-қон мәселесі мен баспана жайы жиі қозғалатын тақырыпқа айналды. Жұлдызды қаланың ерекше статусы аталған олқылықты бір пәрменмен шешуге мүмкіндік бермесе де, әлсін-әлсін ретке келтіруге қол жеткен. Үкімет те аймақтағы азаматтардың құқығын қорғап, әлеуметтік салада сілкініс жасауға талпынуда. Соңғы жылдары құрылыс қарқын алып, тұрғын үй саны артқан. Мұны Байқоңырға сапар барысында тағы байқадық.

Ел құлағы түрік. Жаңалық болса, жарыса хабарлап, өзгерісті қапы жібермейді. Арасында негізсіз ақпарат, толымсыз мәлімет те жоқ емес. Мысалы, жакында «Ресей азаматтары Байқоңырдан үдере көшіп жатыр екен» деген ақпарат таралды. Басым дені әлеуметтік желіде көбейгенімен, халық түрлі реакция білдірді. Көбі үмітпен қараған секілді. Бұл ұлтараздық немесе жат пиғыл емес. Халық саны азайса, коммуналдық төлем азая ма, баспаналы болуға мүмкіндік бола ма деген аңғал үміт. Себебі бәрі тығыз байланысты, мұндағы төлемнің тарифі бөлек, талап басқа.

3-бет



/// БӘРЕКЕЛДІ!

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫ

Перу астанасы Лима қаласында өткен ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы Әлем біріншілігінде қызылордалық екі спортшы чемпион атанды. Дүбірлі додада еліміздің атынан тоғыз атлет бақ сынады.

Ұлдар арасында Нұрдос Сабыр (89 келі) қоссайыс қорытындысы бойынша 333 келіні (148+185) енсерді. Осылайша жерлесіміз өз салмағында алтын медаль алып, жеңіс тұғырына көтерілді. Былтыр Әлем біріншілігінде Нұрдос екінші орынға тұрақтаған еді.

Ал қыздар арасында 76 келіге дейінгі салмақта Аянат Жұмағали жеңімпаз болды. Қоссайыс қорытындысы бойынша 222 келіні бағындырған Аянат қарсыластарынан оқ бойы озып кетті. Ауыр атлет серпуде 97, жүлқуда 125 келіні көтерді. Ол Жаңақорған ауданындағы №7 спорт мектебінде тәлім алады. Бас бапкері — Берік Өтешов.

«СБ» ақпарат



Валюта бағамы

\$ 443,16 kzt

€ 480,39 kzt

₺ 4,94 kzt

Аяа райы

+21° +23°

+25° +27°

ЖАҢА НЫСАН

КЕЛБЕТТІ СПОРТ КЕШЕНІ ЕСІК АШТЫ



Белгілі кәсіпкер, білім меценаты Сейітқали Алшынбаев Үкіметтің білім беру саясатына қатысты ұстанымдарын негізге ала отырып, облыстың үздіксіз білім беру саласына қомақты инвестиция салып, үделі үлес қосып келеді.

С.Алшынбаев басқаратын «Нұр-Ай» құрылыс компаниясы іргесін қалаған 4 балабақша мен «Зерде» интеллектуалдық мектебін, Смағұл Ысқаков атындағы құрылыс және бизнес колледжін қызыл-ордалықтар сымбатты келбетінен, сыртқы бояуынан да жазбай таниды. Осы ғимараттарға осындай бейнемен колледж базасына қарайтын тағы бір тамаша спорт кешені қосылды.

Бұл кешен құрылысына 1,7 млрд теңге қаржы жұмсалған, көлемі 2700 шаршы метрді құрайды. Қала жастары кешенде шағын футбол, волейбол, тасквандо, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ секілді ондаған спорт түрімен шұғылдана алады.

Кеше осы әсем ғимараттың ашылу салтанатына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, сөз сөйледі. Аймақ басшысы өз сөзінде облыста атқарылып жатқан игі істерге тоқталып, халық игілігіне берілген бірқатар әлеуметтік нысандарды атады.

– Өткен жылы аймаққа арнайы сапармен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жас спортшылармен кездесуінде «Спортпен шұғылдану керек. Әсіресе, өздеріңіз сияқты жастарымыздың дені сау, мықты азамат болып өсуі қажет.

Жастардың дені сау болса, мемлекет те қуатты болады» деген еді. Спорт елдің мерейін тасытып, жеңімпаздық рух сый-

лайды, жастарды табандылыққа, тәртіпке баулиды.

Президент пен Үкіметтің қолдауының арқасында өңірлер арасында көшбасшылар қатарынан көрініп келеміз. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 12 300 орынға арналған 21 мектеп салынуда. Былтыр 10 мектептің құрылысы басталса, биыл тағы 11 мектептің құрылысы жүргізіледі. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өткен жылы елді мекендерде 15 жаңа дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет ел игілігіне табысталды.

Спорттық нысандар құрылысы да қарқын алды. Қызылорда қаласында құны 2 млрд 700 млн теңге болатын үстел теннисі орталығының құрылысы жүрде. Сырдарияның сол жағалауынан халықаралық стандарттарға сай, жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды, 10 мың орындық жаңа стадионның іргетасы қаланды. Былтыр 7 денешынықтыру-сауықтыру кешені ел игілігіне табысталды, биыл аудандарда 15 кешенді қолданысқа береміз, – деді аймақ басшысы.

Сонан соң аймақ басшысы кәсіпкер С.Алшынбаевқа облыстың Құрмет грамотасын, ал спорт кешені құрылысын салған мамандарға Алғыс хаттар табыстады.

Мұнан әрі облыстың Құрметті азаматы, білім меценаты Мұрат Бактиярұлы

сөз сөйлеп, көпшілікке құтты болсын айтты және кәсіпкердің салауатты өмірді қалыптастыруға қосқан үлесін атап өтті.

Кәсіпкер С.Алшынбаевтың өзі сөз алып, бұл спорт кешенінің республикалық, халықаралық дәрежедегі кез келген спорттық шараларды өткізуге дайын екенін мәлімдеді. Әрдайым жақсы іске қолдау білдірген облыс басшылығына, барша тілекші ағайынға ризалық білдірді.

Ардагер аксақалдар кешеннің көк желегін қиды. Облыс әкімі кешеннің спорт залында волейбол ойнап жатқан жасөспірімдермен суретке түсіп, олардың добына қолтаңбасын қойды.

Бұл кешенде тек колледж оқушылары ғана емес, қала жастарының жаттығуына мүмкіндіктер жасалған.

Айта кетейік, биыл Сыр спортшылары әлемдік ареналарда өнер көрсетіп, облыс қоржынына 54 медаль салса, республикалық чемпионаттар мен кубоктардан 245 жүлде иеленді. Басты жетістік – Қамшыбек Қоңқабаев бокстан, Айдос Сұлтанғали грек-рим күресінен Париж олимпиадасына, отырып ойнау волейболынан қос бірдей спортшымыз Эрик Қасқабаев пен Шыңғыс Медеуов паралимпиадаға жолдама алды. Дзюдо, парадзюдодан да үміткерлер бар.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»



Суреттерді түсірген Б. Есжанов

«КӨЛТОҒАН» СУ ҚОЙМАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ


Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапарымен барып, «Көлтоған» су қоймасының жағдайын көрді. Аймақ басшысы облыстағы су қоймаларының жұмысымен, көрсеткіштерімен танысып, бірқатар тапсырма жүктеді.

– Қоймаларға келген су жеткілікті. Вегетациялық кезеңде суды дұрыс пайдалану үшін бірлескен жоспарға сәйкес іс-шаралар атқарылуы керек. Ысырапшылдыққа жол берілмеуі тиіс. Өздеріңізге белгілі, «Көлтоған» су қоймасы апатты жағдайда, күрделі жөндеуді қажет етеді. Бөгеттің ұзындығы 1500 метр, оның 900 метрінің бетон еңістігінің (откос) төменгі жағы сумен шайылып, бетоны сынуда. Жобасметалық құжаттама әзірлеу қажет, – деді облыс әкімі.

«Көлтоған» су қоймасы Жаңақорған ауданы «Бірлік» елді мекенінің жанында орналасқан,

1929 жылы пайдалануға берілген. Жалпы ауданы 52 гектар, қорғаныс бөгетінің ұзындығы 1,5 шақырым. Қойманың жобалық сыйымдылығы 4 млн текше метр, қазір 3,5 млн текше метр су бар, яғни 87,5 пайыз толған.

Аталған су қоймасы «Бірлік» ауылының 250 гектар үйіргелік жерлерін, жеміс, бау-бақшасын және саялы ағаштарын суландырады. Елді мекенді аяқсумен қамтамасыз ететін жалғыз су көзі. Таудың орналасқан бетон тоспа (плотина), темірбетонды лоток каналы және ескі арна арқылы қар мен жаңбыр суынан жиналады. Артық су арнамен «Шұқырой» көліне жіберіледі.



Өңір өнімі

«АЛТЫН ОРДАНЫҢ» АС ТҰЗЫ ШЕТ ЕЛДЕ ДЕ ҚОЛЖЕТІМДІ

Ас тұзы Қызылорданың кәмпит, балығы сияқты бренд қатарында. Облыс орталығындағы «Алтын орда» ЖШС – осы өндіріс бағытындағы жетекші компаниялардың бірі.

Ширек ғасырдан астам тарихы бар компания барлық талапқа және сапа стандарттарына сәйкес тұз шығаруды 2016 жылы қолға алды. Тұз екі түрлі зауытта өндіріледі. Алғашқысы 2016 жылы іске қосылды, ол кезде қуаттылығы сағатына 3 тоннадан аспайтын.

Кәсіпорын директоры Нариман Абжанов бастапқыда саннан гөрі сапаға көбірек мән берілгенін, тұтынушы қауіпсіздігі мен денсаулығы қай уақытта да басты назарда екенін айтып отыр.

– Екінші зауыт алдыңғы жылы пайдалануға берілді. Оған сағатына 10 тоннаға дейін тұз өндіруге қабілетті цех орнатылды. Сапа менеджменті жүйесі арқылы шикізат пен ма-

териалдар сапасы 100 пайыз қадағаланады. «Ас-соль», «Са-фия» деген бренд қаптамадағы өнім Қызылордадан басқа елдің барлық облысында қолжетімді, – деді серіктестік басшысы.

Ал сырт елдерден Ресей, Беларусь, Грузия, Қырғызстан, Монғолия мен Балтық елдеріне экспортталып жүр. Мамыр айының басында аспанастаны елінің де нарығына алғаш болып жол тартты. Алдағы уақытта осылайша өнімнің таралу географиясын біртіндеп кеңейту жоспарда бар.

Кәсіпорында маңдай терін төгіп жүрген жұмысшылардың саны 150-ден асады. Оның басым бөлігі – жергілікті тұрғындар. Компания басшылығы өңір адамдарының еңбекпен қамтылуына әрдайым басымдық



беріп отырады. «Алтын орда» ЖШС «Халыққа арналған тауарларды шығаратын үздік кәсіпорын» номинациясы бойынша «Шағын кәсіпкерлік субъектісі» санатында 2021 жылы «Алтын сапа» сыйлығын иеленді. Ал өткен жылы республикадағы «Ұлы дала елі» бірінғай брендің пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың жеңімпазы атанды.

Ал былтыр Сыр өңіріне ресми сапармен келген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тұз өндіретін зауыттың жұмысымен танысып, кәсіпорын қызметін жоғары бағалаған болатын. Бұл іргелі өндіріс орнының жұмысына серпін берді. Ендігі мақсат – үшінші зауытты іске қосып, елдің азық-түлік өндірісін дамытуға үлес қосу.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



КОМИССИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаевтың төрағалығымен кәмететке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Күн тәртібінде ата-аналарға әкімшілік шара қолдану, баласынан бөлек тұратын ата-ананың құқықтарын жүзеге асыру және жасөспірімдер тарапынан орын алған құқықбұзушылық мәселелері талқыланды.

Комиссия төрағасы кәмететке толмағандар арасында профилактикалық жұмысты күшейту мақсатында сала басшыларына нақты тапсырмалар берді. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиісті шешімдер қабылданды.

ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Аудандық мәдениет үйінде мүгедектігі бар ерекше балалардың қатысуымен «Екі жұлдыз» атты өнер фестивалі өтті. Іс-шара балалар әзірлеген қолөнер бұйымдары көрмесінен басталды.

Фестивальге аудан әкімінің орынбасары Бектемір Жұмағұлов қатысып, ерекше жандардың өмірге деген талпынысына өнерге деген құштарлығына ризашылығын білдірді. Қатысушыларға аудан әкімінің Алғыс хаты, түрлі номинациялар және сый-сыяпат табысталды.

ТҮНГІ РЕЙД ЖАЛҒАСУДА

Ауданда жастар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу үшін аудан әкімдігі жанынан құрылған арнайы топ аудандық полиция бөлімімен бірлесіп, күшейтілген түрде рейд жұмыстарын жүргізуде.

Рейдтік топ әр аумақты, оның ішінде саябақтарды, бірнеше шағын аудан мен ойын-сауық мекемелерін, көңіл көтеретін орындарды аралап, жасөспірімдерге түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

КӘСІБИ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Аудан әкімі Жандос Еркінбек мәдениет және өнер қызметкерлері мен сала ардагерлерін қабылдап, кәсіби мерекемен құттықтады.

Жемісті еңбек етіп жүрген қызметкерлерге ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Алғыс хатын, «Еңбек даңқы» төсбелгісін, облыс және аудан әкімінің Алғыс хаттарын табыстады.

Сондай-ақ мәдениет саласының ардагері Ұрзахия Махамбетованы 70 жас мерейтойымен құттықтап, сый-сыяпат жасады.

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН МӘЖІЛІС

Жалағаш кенті мен барлық ауылдық округте мәжіліс өтті.

Кәмететке толмағандардың қатысуымен және білім ошақтарында қылымстық психологияның таралуы секілді келесіздікті жою мақсатындағы мәжіліске жауапты сала басшылары, ауыл ардагерлері және ата-аналар қатысты.

Білім беру ұйымдарындағы құқықбұзушылық профилактикасын жүргізу бойынша ұшжақты келісім жасай отырып, бала тәрбиесіне тұрақты көңіл бөлу бағытында ұсыныстар тыңдалды.

САНАҚ ЖӨНІНДЕГІ СЕМИНАР

А.Тоқағанбетов атындағы ауылдық округте ауыл шаруашылығы санағын онлайн-офлайн форматта өткізу жөнінде семинар ұйымдастырылды. Оған шаруа қожалықтары өкілдері мен тұрғындар қатысты.

Семинарда аудан әкімінің орынбасары, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі, аудандық статистика департаменті басшысы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына, шаруа және фермер қожалықтарына, дара кәсіпкерлерге түсіндірме жүргізді.

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ

Ауданға жасаған арнайы іссапары аясында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысы Ерлеген Мендалиев «AMANAT» партиясы аудандық филиалының ғимаратында азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдады.

Қабылдау барысында азаматтардың сауалдарына қолданыстағы заңнама аясында түсіндірмелер берілді. Сондай-ақ ұсыныстары жазбаша түрде алынып, ескерілетіндігі жеткізілді.

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ ЖЕРЛЕСТЕРІ КҮТІП АЛДЫ

Аудан орталығында Өзбекстанның Ташкент қаласында өтіп жатқан пара-армрестлингтен ХХІ Азия чемпионатында жүлдегер атанған қос жеңімпаз Абусейт Реметов пен Бауыржан Оразбаевты жерлестері күтіп алды.

Спортшылар мен тұрғындарды аудан әкімінің орынбасары Бектас Нуридинов, бір спортшынан ардагерлер арасында Азия, Әлем, Еуропа чемпионы Серік Ауғанұлы құттықтап, жаттықтырушысы Ш.Азнабаева алғыстарын жеткізді.

«СБ» ақпарат

Көшу – қалыпты құбылыс

Қазір Байқоңыр қаласында 56,9 мың адам тіркелген, оның ішінде 40 мыңнан астамы Қазақстан азаматы болса, 15 мыңы Ресейдің үлесінде. Ел айтқан «үлере көшу» үрдісі осы 15 мың ресейлікке қатысты шыққан мәлімет. Алайда бұл қаладан қашып жатыр дегенді білдірмейді, керісінше заңды құқығын пайдаланып, Ресейге қоныс аударуда. Олай дейтініміз, қоныс аударушы азаматтарына көрші елдің жасаған қолайлы жағдайы бар.

Байқоңыр қаласы әкімшілігі жылда Ресейге қоныс аударатын халықтың тізімін түзеді. Биыл тізімге қоныс аудару кезегінде тұрған 315 отбасы кіріп отыр. Кезекте жоқ отбасылар да бар. РФ Қорғаныс министрлігі, ТЖМ, ІІМ-де жұмыс істейтіндер де кезектен тыс көшірілмек. Нәтижесінде, 789 адам кезекке тұрған.

Осы орайда «бұл не кезек, қандай артықшылығы бар?» деген сауал туындауы орынды. Мәнісі мынада, РФ президенті 2021 жылғы арнайы жарлыққа қол қойған. Соған сәйкес, Байқоңырдағы ресейліктер өз отанына оралса, әлеуметтік төлем төленеді. Қоныс аударушы сол төлеммен Ресей аумағынан үй сатып алуына жағдай жасалған.

Мұны облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай да растап, алайда ресейліктердің қоныс аударуы қалыпты құбылыс екенін жеткізді.

– Байқоңыр қаласындағы ресейлік азаматтардың елден көшуі – қалыпты құбылыс. Аталған азаматтар арнайы әлеуметтік көмек алып, Ресейден тұрғын үй алуына болады. Мұндай мүмкіндікті пайдаланатын байқоңырлықтар бар,– деді арнаулы өкіл.

Байқоңыр қаласы әкімшілігінің Азаматтарды қоныс аударту бөлімінің мәліметінше, бұл төлем Ресейге көшетіндердің бәрине бірдей берілмейді. Оны алатындар санатына «Байқоңыр» кешенінің аумағында, федералдық меморгандарында, кәсіподақта, зымыран-ғарыш өнеркәсібінде 10 жылдан астам қызмет істегендер ғана жатады. Оған қоса, РФ-нің ең кемі 50 пайыз үлесі бар ұйымдарда еңбек еткендер де бағдарламаға қатыса алады. Бүгінде Байқоңыр қаласының әкімшілігі 2025 жылы Ресейге қоныс аударатындардың кезегін қарастыруға кіріскен.

1-бет.

БАЙҚОҢЫР: БАСПАНА, БАСТАМА, БАҒЫТ



Тұрғын үй төлемі төмендей ме?

Енді көші-қон процесінің тұрғын үй төлеміне нендей қатысы барын айтайық. Халықтың үміт артқаны – Ресей тарапы тұрғын үйдің айлық төлемін қайта қараса деген тілек. Олай дейтіні, азаматтар Байқоңыр аумағында орналасқан Ресей баланында үйлерді жалға алады. Ай сайынғы төлемді теңгеге шақсак, 50 мыңнан асып жығылады. Оның үстіне инфрақұрылым, тұрғын үйлерді жаңарту қолға алынбағандықтан, үйлердің күйі кеткен. Көбі ескіріп, апатты жағдайға жеткені де бар.

Оған себеп жоқ емес, Байқоңыр қаласының тұрғын үйлері 1955 жылдан бастап пайдалануға берілген. Жарты ғасырдан астам тарихы бар нысандардың 70 пайызының тозығы жеткен. 2021 жылы Қазақстан тарапы тұрғын үй мәселесін шешу үшін бюджеттен қаржы бөліп, шаһарда «Нұрлы жер» бағдарламасын қолға алды. Нәтижесінде Байқоңыр қаласының 7 «А» ықшам ауданында елу пәтерлі бес

тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Оған қоса, сумен жабдықтау, су бұру жүйелерін қайта құру және жаңғырту мақсатында 11,4 шақырым кәріз желілері жаңғыртылған болатын. Тұрғын үй негізінен әлеуметтік осал топтағы Қазақстан азаматтарына берілген.

Осы орайда мемлекет қолдауына ие болып, ықшам ауданнан бой көтерген тұрғын үйден баспаналы болған байқоңырлық Аида Сейловамен жолыққан болатынбыз. Тұрғын баспана кезегін көп күткенін айтып, жобаны жастарға жасалған мүмкіндікке теңеді.

– Пәтер кілтің алғанда қуанышымызда шек болмады. Мемлекет тарапынан жасалған қолдау мен қамқорлықты сезіндік десек, артық емес. Себебі біз секілді жас отбасыға баспаналы болу бұрыннан арман еді. Қай бағдарлама талабына сәйкес келеміз, қандай талап болады деген ой мазалайтын. Сәті туып, «Нұрлы жер» бағдарламасымен салынған №4 тұрғын үйден баспана бұйырды, – деді Аида Жанабекқызы.

Қалада аталған бағытта жұмыс жалғаспақ. Бүгінде Үкімет Байқоңыр қаласы әкімшілігімен бірлесіп, жоба-

ны ілгерілетпек. Байқоңырдағы арнайы өкілдік мәліметіне сүйенсек, шаһардың Бас жоспарына сәйкес биыл бес тұрғын үйдің құрылысы аяқталады. Бірінші тоқсанда сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін одан әрі жаңғырту басталды.

Сонымен қатар коммуналдық тарифтерді түсіру бағытында Байқоңыр қаласының әкімдігі қаланың жылу-электр стансасын негізгі мазут отынынан газға ауыстыру жұмыстары жүргізіліп жатқанын алға тартады. Жылу-электр стансасын газдандыру жұмыстары 2027 жылы толығымен аяқталады деп жоспарлануда екен. Бұл жұмыстар қаладағы пәтер ақысына әсер етіп, қазақстандықтардың баспаналы болуына жағдай туғызады.

– Өткен жылы облыс әкімінің тапсырмасымен қаладағы тұрғын үй қоры мен инфрақұрылым жүйелеріне тексеру жүргізілді. Арнайы жұмыс тобы Байқоңыр қаласы әкімшілігімен бірлесіп, инфрақұрылым жүйелерін жетілдірудің тетіктерін қарастырған болатын. Соған сәйкес біршама бастама қолға алынды.

Мәселен, «Байқоңыр» кешенін

газбен жабдықтау туралы келісімге сәйкес барлық көппәтерлі тұрғын үйді газдандыру жүргізілді. Бұл өз кезегінде табиғи газдың қолданыстағы тарифін 16 есеге төмендетіп, облыс көрсеткішімен теңестірді. Қаланың газбен жабдықтаушы ұйымы «Қаз-ТрансГаз Аймақ» АҚ бөлімі табиғи газ тарифін халық үшін – 16,3 тт/м³, кәсіпорын үшін 18,3 тт/м³ көлемінде бекіткен, – делінген Байқоңыр қаласының арнайы өкілдігінің мәліметінде.

Айта кетерлігі, еларалық келісімге сәйкес, коммуналдық желілер облыс меншігіне алынған. «Байқоңыр қаласында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін қайта құру және жаңғырту» жобасы жүзеге асырылуда. Алғашқы кезеңде 11,4 шақырым кәріз желісі қайта жаңартылса, 2024-2026 жылдары бұл бағыттағы жұмысқа 12 млрд теңге бөлу көзделген.

Жалпы биыл облыста тұрғын үй құрылысы қарқынды. Бүгінде 11 тұрғын үйдің құрылысы басталған. Мұны бұған дейін облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Мәди Әліп растаған болатын.

– 2024 жылы «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында 701,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беру жоспарланған. Тұрғын үй құрылысына облыстық бюджеттен 2,3 млрд теңге қаржы бөлінді. Бюджеттен бөлінген қаржыға 754 пәтерлі 11 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіледі. Оның ішінде Байқоңыр қаласындағы 5 тұрғын үй мен Қызылорда қаласындағы жеті қабатты 6 тұрғын үй бар, – дейді Мәди Раманқұлұлы.

«Қайтқан нысанда қайыр бар...»

Байқоңырдағы тұрғын үй мен әлеуметтік нысандар жетіспеушілігін шешудің тағы бір тетігі – ғимараттарды Қазақстан меншігіне қайтару. Бұл практика бұрыннан болғанымен, соңғы жылы қарқын алды. Мәселен, жуырда «Байқоңыр» ғарыш кешені мен қала аумағындағы 200-ден астам нысан Қазақстанға қайтарылды. Әрине, көбінің тозығы жеткен, ескірген. Үкімет бардан құрап, нысандарды жүйелі жолға қоюға ниетті. Сол мақсатта қайтқан нысанды кәсіпкерлерге беріп, шағын және орта бизнесті дамытуды көздеген.

Есте болса, Үкімет басшысы Олжас Бектенов Сенатқа жолдаған жауап хатында мән-жайды барынша ашық жеткізген болатын. БАҚ-та жарияланған мәліметтен аңғарғанымыз, қайтарылған нысандар жұмыс орынын ашу, кәсіпкерлікті ілгерілетуге мүмкіндік бермек.

«Салаға инвестиция тарту үшін инвесторлардың «Байқоңыр» кешенінің объектілеріне баруы ұйымдастырылатын болады. Ресей тарапы жалға алған нысандар құрамынан шығаруға ниетті 234 нысанның жаңа тізбесін ұсынды. Олардың базасында 300-ге жуық жаңа жұмыс орынын құра отырып, өндірістерді ұйымдастыру жоспарлануда», – деді О.Бектенов.

P.S. Байқоңырдағы ел азаматтары қараусыз қалмайды. Қолдау жүйелі жүріп, болашақта жаңа тұрғын үй, әуежай, кәсіпкерлік нысандар салу жоспары қолға алынбақ. Мұның бәрі халық әлеуетін көтеріп ғана қоймай, жұлдызды қалашықтың туризмін ілгерілетіп, тамырына қан жүгіртіпек.

Ерсін ШАМШАДИН, «Сыр бойы».

Қызылорда-Байқоңыр-Қызылорда



ӨТКЕННІҢ ҒИБРАТЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Фото: Аймақ әрқаралық

Бүгінгі жетістіктеріміз, рухани-әлеуметтік және экономикалық байлығымыз – алдымыздағы аға ұрпақтың еңбегінің нәтижесі, солардың ізгілікті ісінің қорытындысы. Біз – осы жолды жалғастырушылармыз. Сондықтан да оларды еске алып, өскелең ұрпаққа айтып берсек, аз да болса парызымыздың өтелгені деп білемін. Онда жазып көрейік.

Менің әкем Елікбай Меңлібаев 1908 жылы қазіргі Жалағаш ауданы, «Таң» ауылында дүниеге келген. Сырдария өзенінің қазіргідей емес, шалқып жатқан кезі. Көктемде су молайып, дария таситын да, құмды төбелерден басқа жерлерді, сай-саланы су басатын. Ел тек су баспайтын биік төбелер мен қыраттарға қоныстанатын, ал басқа жерлердің бәрі шалқынған су, ну ормандай қалың нарқамыс екен.

Жер дүниенің бәрі су болғасын балық та көп. Жазда аумен, қыста мұз астынан жылыммен балық ауланатын. Қыс айында ауланған балық мұз үстінде тау-тау болып үйіліп жататын. Ел жегенін жеп, жемегенін қыстақтардағы орыстарға сатып, олар шаңамен алып кетіп, вагондарға тиіп жіберіп жататын.

Бір ауыл мен екінші ауыл нарқамысты жарып, қайықты таяумен тіреп, итеріп қатынайтын. Жаз ортасында қарай су қайтып, тартыла бастағанда ғана қара жол түсетін.

Әкемнің шешесі Тазәгул әжемнің «Жолбарыс соққан малдың етін жедік» дегенін естігенмін. Сонда 1900 жылдар шамасында біздің Сыр бойында жолбарыс болғаны ғой. «Отарба келген соң көрінбей кетті» деп отыратын сөз ара-

сында әкем. Отарбасы – пойыз ғой. Ол Қызылорда өңіріне 1904 жылы келгені жазба тарихтан белгілі.

Әкеміз 1920 жылдарға дейін ауыл молдасынан ескіше сауат ашыпты. Ескіше-қалымше білім алудың өлшемі «Мұхтасар» кітабына дейін оқыпты. Кезінде аймаққа белгілі, Құран қари атанған Жүсіпұлы Тайманның айтуынша «Мұхтасарға» дейін оқып тауысқан адамның арабша дін оқуынан орта білімі бар. XX ғасырдың 80-жылдарында сауатты молданың өте аз кезінде Тайман қари өз ауылымызға молла болуды ұсынып еді, бірақ санаға сіңген идеология әкемді оған жібермеді.

1934 жылға дейін ауылдық кенесте хатшы, «Жас қайрат» колхозында төраға сияқты қызмет атқарған. Қызылорда қаласындағы педагогикалық оқуды бітірген. 1938 жылы қазіргі «Мәдениет» ауылының аумағындағы «Қаратөбе» жетіжылдық мектебінде мұғалім болды. 1939 жылы тамыз айында «Таң» жетіжылдық мектебіне 4-сынып мұғалімі етіп ауыстырылған. 1942 жылдан мектептің директоры және тарих, география пәндерінің оқытушысы болып бекітілді. Осы мектептен 1968 жылы зейнетке шықты.

1932-1937 жылдары «Таң» жетіжылдық мектебі жанынан панасыз қалып, асыраушысынан айырылған жетім балалар үшін мектеп-интернат жұмыс істеген. Мұғалімдер мектепте сабақ, интернаттағы тәрбиеленушілерге тәрбие берген. Тәрбиенің үлкені балаларды күнделікті тамаққа тойындыру екен. 1932-1934 жылдары интернатта пионервожатый болған, фингерман соғысының ардагері Әубәкір Есжанұлы өз шамасына қарай интернат балаларына ән айтуды, домбыра тартуды, қазақша күресуді, ләңгі тебуді үйреткенін кешегі күнге дейін айтып отыратын.

Менің әкемнің оқытып, білім берген шәкірттері қызметкер, мұғалім, дәрігер, ауыл шаруашылығы мамандары ғана емес, қарапайым еңбек адамдары, малшы, егінші, механизатор болды. Мемлекет алдындағы еңбегі бағаланып «Еңбекте үздік шыққаны үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.

«Таң» колхозы егіні, малы, жері мен суы мол, экономикасы ілгерілеген шаруашылық болса да, 1957 жылы Сырдарияның оң жағасындағы Молотов атындағы колхозға қосылды. Бұл сол кездегі аудан басшыларының ел басқару саясатындағы ірі кемшілік еді. Осы шаруашылықтар қосылып «Коммунизм» совхозы деп аталды. «Таң» колхозының тіріктеп жиған бар малы «Жалағаш» совхозына берілді. Ел түгелге жуық дарияның келесі бетіндегі колхоз орталығына көшірілді. 150-ге тарта шаңырақ болған «Таңның» атақонысында 12 ғана үй қалды. Жаса-

лып жатқан бұл тірлікке наразылық білдіріп, менің әкем ешқайда көшпей, сол 12 үйдің бірі болып отырып қалды.

«Таң» жетіжылдық мектебі жабылып, орнында бастауыш мектеп қалған. Атақонысқа деген қимастық сезім әкемізді сол бастауыш мектепте қызмет жасауға шешім қабылдады. Бірақ жоғары жақтағы басшыларға ел жағдайын айтып-жазудан жалықпады. Көктемде егін егілгенде, жазда сол егілген егінді күтімге алғанда, күзде астық жинағанда совхоз жұмысшылары түгелге жуық, көмекке келген студенттер мен оқушылар бұрынғы «Таң» колхозының жеріндегі «Естеке», «Құтырған», «Ақкешпен», «Жеп кеткен», «Әулие жыңғыл», «Ақбет аралы», «Мақпал» деп аталатын жерлерде, түстік шеті «Мақпалкөл» ауылына дейін егіс басында болатын. Ол кезде дала қостары деген атымен жоқ. Киіз үй, қамыс кепелерді пана қылатын. Көзіқарасты, көкірегі ояу азаматтардың қай-қайсысы да мұны білді.

Қайта ел болу біз үшін үлгі мұратқа айналған еді. Ақыры көп тілегі қабыл болды. Арада он жыл өткен соң, яғни 1967 жылы «Таң» өз алдына дербес совхоз болып құрылды. Бастауыш мектеп әуелі сегізжылдық, содан кейін 1970 жылы «Таң» орта мектебі дәрежесін алды.

Әкем елдің тарихын жақсы білетін және бірсыпыра оқиғалардың тікелей куәсі де болды. Дарияның сол жағалауын игеру басталып, «Гваррисовхозстрой» деген алып мекеме күршіс егетін сан мыңдаған алқапты тегістеп инженерлік жүйеге келтіре

Әлихан МЕНШІБАЕВ, еңбек ардагері, Халық ағарту ісінің озаты

Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыс бойынша департаменті

/// ЖӘДІГЕР

НАРТАЙДЫҢ СЫРНАЙЫ ТАБЫЛДЫ



Ақын, композитор Нартай Бекежановтың сырнайы табылды. Құнды жәдігер Шиелі ауданы «Төңкеріс» ауылының тұрғыны Бегайым Сейітжанованың сандығында сақталған.

Ауыл тұрғыны Ілесбек қарияның айтуынша, анасы Бегайым әнге бейім, сөзге шешен болған. 1943 жылы 6-7 сынып оқып жүрген кезінде Алматыдан Роза Бағланова келіп, концерт қояды. Сол кеште мектеп оқушылары да ән айтыпты. Көпшілік ішінен дара дауысымен ерекшеленген бойжеткеннің талантына риза болған әнші өзімен бірге алып кетуге ұсыныс жасайды. Бірақ алдындағы ағалары майданға кеткендіктен, қарт әкесі жалғыз қызын жібермейтті.

— Анамыз Нартай Бекежановтың қарындасы болып келеді. Бала күнімізде үйде бір аспап тұратын. Оны ақ матамен орап, сандығына салып қоятын. Содан неше жылдай



сақтаулы жатты, — дейді ауыл тұрғыны.

Нартай бұл сырнайымен 1936 жылы Мәскеудегі қазақ әдебиеті мен өнерінің он-күндігінде ән айтқан. Бұған 1990 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Аманат» кітабындағы сурет дәлел.

Қазір құнды жәдігер Нартай ән мектебінің жарқын өкілі Дәулетхан Ізбасқанға табысталған.

— Сырнай деген көп табыла бермейтін аспап, табылса да күйі кетіп, жарамсыздау болып жатады. Ал мына сырнайдың орны ерекше. Бұл — атақты Нартай Бекежановтың қолы тиген киелі жәдігер. Марқұм Бегайым анамыздың біздің әулетке құлғилық жолы бар еді. Ұмытпасам 2012-2014 жылдар аралығы болуы керек, қолыма сырнайды енді ұстап Нартай әндерін үйреніп жүрген кезім. Бір күні үйге Бегайым апам қонақ болып келді. Құдағиы қонақ болып келген соң әкем де құшақ жайып қарсы алды. Әңгіме де айтылды, ән де айтылды. Шаманың келгенінше үйренген бір-екі ауыз термеңді орындап бердім. Нартайдың әнін айтқандымды тыңдап, Бегайым апам ризашылығын білдіріп,

батасын беріп, «бала күнімде әкеммен бірге Нартай үйімізге келіп, талай жырлаған. Әкем маған да өлең айтқызатын еді» деп біршама естеліктер айтты. Бегайым анамыз сол кезде мені жасыңды ма, қолыңдағы құнды жәдігер жайлы тіс жармады.

Жақында үлкен ұлы Ілесбек ағамыз хабарласып: «Ізбасқан бір тапсыратын дүнием бар еді, үйге келіп келерсің» деді. «Анам көзінің қарашығындай қараушы еді. Біздің әулетте өнер жолын ұстанған адам болмады. Нартай атамның жырын жырлап, ізінде жүрген өзін гой», деп қолыма ұстатты, — дейді жас әнші.

Асыл мұра осылайша қайта жарыққа шығып отыр. «Өмір — өлшеулі, өнер — өміршен» деген осы болса керек.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

/// АДАМДЫҚ АЙНАСЫ

ӨМІР БОЙЫ ЖИНАҒАН ҚАЗЫНАМ



Мен «Бар байлығым — кітабым» дейтін жанмын. Бағбанның бары да, нары да жайқалған жеміс бағы болса, менің өмір бой жинаған қазынам, жайқалған бағым да, барым да — кітаптарым.

Бағбан жеміс бағын адамдар үшін егеді. Солар үшін күтіп-бағтайды. Жемісін соларға береді. Жеміс ағашын қадірлендер, бұтағын сындырмандар. Қалағандарынша жеңдер, ысырап етпендер деген ниет бағбандікі.

Мен де сол бағбан сияқты кітаптарымды бөлісуге, таратуға бейіммін. Рухани азық, таусылмас рух алсын деймін жұрт кітаптан. Зейнетке шыққалы қаншама кітапты тегін тараттым, оның санын деп басып айта алмаймын. Мың ба, онан да көп пе білмеймін. Өртүрлі мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарға, кітапханаларға, мектеп, аурухана, ауыл-аймақ, керек десе түрмелерге және жеке адамдарға үлестіріп келемін. Кітап таратқан 30-дан астам ұйым мен кітапханалардың тізімі қолымда. Қай жерге бармайын, мейлі демалыс үйі, санаторийге барсам да, өз кітаптарымды ала бару, тіпті құдайы-тойға барғанда да адамдарға кітап сыйлау қаным сінген әдет. Оқысын, іздегенін тапсын, көзі ашық, көңілі ояу қалыптан айырылып қалмасын деген ниет менікі. Қызылордадағы еңбекпен түзеу колониясына осыдан 5-6 жыл бұрын 55 кітабымды өзім арқа-лап апарып тапсырдым. Кітапхана қорына қосқан үлесім болсын деп.

Қадыр Мырза Әлі үйіне келген қонақтарды қапсыра күтіп-бағтайды. Жемісін соларға береді. Жеміс ағашын қадірлендер, бұтағын сындырмандар. Қалағандарынша жеңдер, ысырап етпендер деген ниет бағбандікі.

Айтайын дегенім басқа. Осыдан біраз жыл бұрын үйдегі кітап қорымды сақтау мәселесі үлкен проблемаға айналды. Әсіресе жөндеу жұмыстары кезінде ол біздің үйдегілер үшін қара аспан қиямет. Жаудай шүйлігеді. Байқаймын, көліктеріне салып алып, құлақ естімес, көз көрмес жерге апарып тастауға қайлы. Сонан қауіптеніп ондай кезде жер үйде тұратын құдамның үйіне апарып тықпалаймын. Жөндеу жұмысы аяқталғасын үйге қайта тасимын. Дегенмен кімге не айтасын? Кітабыма құрғақ, жайлы орын бер деп міндетсіне алмаймын гой, кейде олардың күйі тайып кеткенін көріп ашынам.

Кітапқа да бала сияқты жарық, жылы жер керектей көрінеді. Бірақ қуыс, қараңғы жерден орын тауып берсе де, рахмет айтасын. Қатты уайымдадым, қатты қиналдым.

Сондай бір кезде қалалық моншада бір жігітпен таныстым. Келе-келе кездескен сайын жақындап сырласып, тіл табыса бастадық. Ақжарқын, көңілі де таза жігіт көрінді. Марқұм әкесі зағип болған екен. Өзі кәсіпкер. Жас кезінде футбол командасында атақты қақпашы болыпты. Сонан сөздің реті келгенде қандай кәсіппен айналысатынын сұрадым. Ағаш ұсталық шеберханасы, жиһаз шығаратын шағын кәсібі барын білдім. Мен өзімнің көкейімдегі қиналып жүрген кітап туралы жайымды жайып салдым. Кітаптарым әр жерде шашылып жүр. Бір сөре жасатсам ба деп жүр едім дегендей сөз айттым. Бірақ ол маған тіс жарып ештеңе дей қоймады.

Бір кездескенде «Аға, осы сіз қайда тұрасыз?» деп сұраған болды. Әңгіме сонымен тынған. Кейін келесі аптада үйге бір жігіт келіп тұр. «Мені тапсырмамен бастығым жіберіп еді. Кітап сөресін жасауға» дейді.

Сөйтіп ол бір бөлменен қажетті жерді белгілеп өлшеп сызып алып кетті. Көп ұзаған жоқ сол жігіт құрал-сайманымен келіп, өзі дайындап әкелген ағаш сөрелерді орнатты. Күтпеген жерден сөйтіп мен үшін орасан зор сый жасады. Керемет қуанышқа келетті.

Бейтаныс азаматтың бұл ісі әлемде қайырымды адамдар көп деген қағиданы есіме тағы салғандай болды. Кітап сөреме қол созған сайын сол азамат түседі есіме. Бір тиын да алған жоқ. Іштей алғысымды жаудырып жүрдім. Телефонны да сұрамаппын. Онан коронавирус басталып, монша жабылып қалды. Артынан көзімнің көруі күрт кеміді. Кездесе алмадым. Ол інімің аты-жөні — Нұрлан Әбуов. «Қайсар» футбол командасында көп жыл қақпашы болған, мықты, адамгершілігі асқақ жігіт екен!

Нұрлан, айналайын! Айналаң тек жақсы адамдар мен жақсылыққа толы болсын! Менің 4,5 мыңнан астам кітабым, сенің арқада болашаққа рухани азық болып қалады. Адал кәсібіне мол нәсіп берсін. Сендей азаматтар барда жақсылық жасай береді.

Сағат ЖҮСІП

/// ЕҢБЕК АДАМЫ



ТҰТЫНУШЫ ТАЛҒАМЫН ТАП БАСҚАН

— Етікшілік кәсіп — шынайы жан қалауым. Нағашы әжем мен өз әжем он саусағынан өнер тамған шеберлер еді. Текпен келген қасиет текке жатқызбайды екен, — деп бастады шебер Айдос Үмбетов бізбен әңгімесін.

Айтуынша, алғаш жұмысын Алматыда бастаған. Кейін Қызылордаға ауысып, осында жалғастырып жатыр. Қасында көмекші жігіттері бар. Табысына қарай жалқысын алады. Бір аяқ киімді 3-10 күн аралығында тігеді. Қажетті материалды Ресейден, Алматыдан алдырып отыр. Мемлекет тарапынан көмек болса деген тілегі де бар.

Шебер бұл кәсіпті 2010 жылдан бастап игерген. Қазір шеберханада әр мезгілге арналған аяқ киімдер топтамасын тігіп, тұтынушыларға ұсынып отыр.

— Тапсырысты тұтынушы сұранысына сай тігіп береміз. Кәсібімді кеңейтсем деген жоспарым бар. Алғашында әрине, бірден игеріп кеттім десем, артық айтқандық болар. Уақыт өте келе толыққанды менгеріп, қазір сүйікті кәсібіме айналды. Осы уақытқа дейін жасаған жұмысыма шағым айтқандар жоқ, — дейді ол.

Елімізде мыңдаған мамандық болса, ішінде ілгеріден бері келе жатқан атакәсіп — етікшілік. Бізі

мен жібін жанынан тастамайтын етікшілер еңбегін былайғы жұрт біле бермейді. Бүгінде олардың көмегіне жүгінетіндер қатары аз емес. Оған дүкен мен базардағы аяқ киімнің сапасыздығы себеп.

Сапалы тері өнімдерінен түрлі аяқ киім жасап, көпшілікке ұсына бастаған «Shoes service» шеберханасы өз жұмысын 2017 жылы бастаған.

— Аяқ киім жасауға тігін машинасын, станоктарды пайдаланамыз. Арнайы қалыптарымыз бар. Тек таза былғарыдан тігіледі. Дизайны, үлгісі тапсырысқа қарай дайындалады. Ерлерге, әйелдерге және балаларға арналып тігіледі. Бұдан бөлек, тазалау және қалпына келтіру сынды жұмыстарды да атқарамыз, — деді шебер.

Кәсіптің қыр-сырын менгерген маманның жоспары — шағын шеберхана ашып, талапкер жастарды тәрбиелеу.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»



Дәстүрлі гүлдер фестивалі

Өзбекстанның Наманған қаласында 60 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан дәстүрлі гүлдер фестивалі өтті.

Гүлдер фестивалінің дәстүрге айналғаны соншалық, ол жалпыхалықтық мереке ретінде тойланады. Биыл да елдің түкпір-түкпірінен жиналған жұрт қарасы қалың болды. Гүлзар бақтағы әр мемлекетке арналған композиция ерекше орындалған. Оның ішінде Қазақстанға бөлінген аумақ та бар. Айналасы жасыл желекке оранған Бәйтерек монументінің макеті алыстан менмұндалайды.

Бағбандар биылғы фестиваль үшін арнайы 30 млн түп көшет еккен. Одан бөлек, жасыл бақта 60 жылдан астам уақыт бойы жайқалып өсіп тұрған өсімдік түрлері көп. Тағы бір ерекшелік — дәстүрлі іс-шараны өткізуге жергілікті қатал климат еш әсер етпейді. Қала қоныс тепкен жердің топырағы сор болғанымен, орталығы гүлзар бағымен әйгілі.

Дағдарысқа дайындық

Ұлыбритания үкіметі азаматтарды дағдарыс пен төтенше жағдайларға дайындалуға шақырды.

Түрлі қауіп-қатерге төзімді ету мақсатында су тасқынына, электр қуатының үзілуіне, ірі апаттарға және басқа да дағдарыстарға қалай дайындалу керектігін түсіндіретін веб-сайт іске қосылды.

Веб-сайт үй шаруашылықтарына бөтелкедегі суды жинақтауға кеңес берді, бұл бір адамды күніне кемінде үш литр сумен қамтамасыз етеді, бірақ тамақ дайындау мен гигиенаны қамтитын жайлылық деңгейі үшін 10 литр болуы ұсынылды.

Ұсынылатын заттарға сондай-ақ шам, ет консервілері және сақталу мерзімі ұзақ басқа да тағамдар, бәкі, радиоқабылдағыш, дымқыл майлықтар және алғашқы дәрі қорына кіреді.

Әлемдегі алғашқы электр жетекті робот

Қытайлар «Тяньгун» гуманоид роботын жасап шығарды. Салмағы 43 келі тартатын адам тектес темір құрылғы сағатына 6 шақырымға дейін жүріп, қажет болса жүгіре алады.

Секундына 550 триллион операция жасай алатын бірнеше визуалды қабылдау датчиктеріне ие. Тегістелмеген жолдарға бейімделген, баспалдақ, ойыс жерлерден де сүрінбей өтеді. Ғалымдардың айтуынша, бұл — әлемдегі алғашқы электр жетекті робот.

Өртүрлі функциясы бар жана робот үш айда жасалды. Болашақта бұл процедуралық мерзім 2 айға қысқармақ. Бұл робот болашақта ғарышкерлердің орнын басуы бек мүмкін. «Қытайлық Тарс» деп аталатын инновацияны Чжэцзян университетінің ғалымдары ұсынған. «Олар келешекте астронавтардың жұмысын жеңілдетіп, уақыт тиімділігін арттырады» дейді өнертапқыштар.

Орташа өмір сүру ұзақтығы қысқарған

Коронавирус салдарынан әлемдегі орташа өмір сүру ұзақтығы 71 жыл төрт айға дейін қысқарды, яғни көрсеткіш 2 жылға азайды.

Бұл — Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегі. Covid-19 пандемиясы Солтүстік және Оңтүстік Американың, сондай-ақ Оңтүстік-Шығыс Азияның аймақтарына қатты әсер етті. Жаһанды жайлаған коронавирус 2020-2021 жылдардағы әлемдегі өлім-жітімнің негізгі себебі болды. Осы кезеңде дерттен 13 миллионға жуық адам көз жұмды.

«СБ» ақпарат

Мұралық істің ашылғаны хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2023 жылдың 18 желтоқсанында қайтыс болған азаматша Дарибаева Бибиғұл Жармаханованың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Жарамсыз деп есептелсін

Сағинтай Бакытжан Алтынбекұлының атына «OTAN-QYZYLORDA» оқу өндірістік орталығы» ЖШС-да 05.05.2022-04.08.2022 жыл аралығында «В» санатындағы көлік құралдары жүргізушісіне оқығаны жөнінде берілген №QZ 0270009 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.